

16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні құтты болсын!

ШЫНДЫҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 18 (531) 15 желтоқсан 2022 жыл



**БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ:**

БІЗ ТАПҚАН ШЫНДЫҚ

Уақытты оздырмастан, жолға шықтым. Барғаным өкінбеймін. Еліміздің әр өңірінен келген өзім қатарлас жастармен танысып, пікір алыстым. Ой бөлістік. Алға жетелеген асқақ армандарға бастаған ұшқын тұтанғалы тұр. Мектеп бітіргеннен бергі арманым шетелде білім алып, тәжірибе жинап оқу еді. Ол арман сағым болып, ұмыт болғалы қанша жылдар өтіп кетсе де, анда-санда ойыма оралатын.

3-бетте

МӘСКЕУ КҮНДЕЛІГІ

Мен үшін биылғы жыл ерекше басталды. Тәңір бұйыртып, жыл басында Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері атандым. Қуанышымда шек жоқ. Алдын-ала жасалып, жоспарланған кестеге сәйкес, мамыр айының 19 жұлдызында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне тағылымдамадан өту үшін сегіз айға баруым керек болатын.

4-бетте

УАҚЫТ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Қалай өмір кешсең уақытың солай өтпек демекші «түстік ғұмырың болса кештік малыңды жи»-дегенді еске алып бекер уақыт жылдатқанша, бекер өмір өткізгенше ізденіс жасап, тынбай талпынып өмірдің қыры мен сырын меңгеріп аз да болса бойымыздағы ең үлкен қасиетті халқымыз үшін жұмсауға, сол үшін қызмет етуге сара жол етсек.

6-бетте



**ЖЕЛТОҚСАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
ARALIK
KAZAKISTAN CUMHURIYETI'NIN
BAĞIMSIZLIK GÜNÜ**

ҚҰРМЕПТІ ӘРІПТЕСТЕР, СҮЛІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Ұлы мерекеміз — Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Тәуелсіз Қазақстанымыздың дамуы жолында жасап жатқан жұмыстарыңыз жемісті болып, туған жеріміз, еліміз — Қазақстан гүлденіп, көркейе берсін!

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашан да бөлек. Сондықтан да «талапқа қанша саз кешкен» батыр бабаларымыздың әр жылда төгілген қанының, ұлы мұраштар ағалында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарының, сәбиін білеімен, даласын жүрегімен тербеткен аналарымыздың аққан жасының, Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізіген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз.

Еуразия жүрегінде, өркениеттердің ұштасқан орталығында талай ұлт пен ұлыстың құзырлы мекеніне айналған ұлы Далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Тәуелсіздіктің шал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектестімін.

Қазақ Елінің тәуелсіздігі мәңгілік болсын!

*Ізгі ниетпен,
Ректор*

Жанар ШЕМИРБЕКОВА

ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛІМНІҢ ТҰМАРЫСЫҢ!

16-желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай оқу ордамызда «Тәуелсіздік, елімнің тұмарысың!» атты салтанатты шара өтті. Мерекелік кешке қадірлі қонақтар мен оқу ордамыздың ардагер ұстаздары, оқытушы-профессорлар және студент жастар қатысты.

Аталған шара шымалдығы Спорт және өнер факультеті Орындаушылық өнер кафедрасының білімгерлері сахналаған Рахымжан Отарбаевтың «Қараша қаздар қайтқанда» тарихи драмасымен түрілді.

Тарихи драма өте әсерлі өрбіді. Қазақ ұлтының қандай нәубет заманда да намысы мен батылдығы бәрінен қымбат болғандығы жоғары дәрежеде сахналанды. Қоюшы режиссері ҚР Мәдениет саласының үздігі Мақсат Айтжанов. Балетмейстер ҚР Мәдениет қайраткері Гүлназия Тәуекелова. Бүкіл оқиғасы бір ғана алтын сағаттың айналасында өрбитін бұл шығарма-ұлттық болмысымыз бен намысымыздың, құндылықтарымыз бен тәуелсіздігіміздің қаншалықты маңызды екендігін көрсетті.

Осылайша өрбіген салтанатты шара ары қарай мерекелік концертке ұласты. Онда Өкілетті Кеңес Төрағасы Мұхиттин Шимшек, баршаны Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, екі елдің достығы жасай берсін деген тілек білдірді.

Сонымен қатар Төраға университетімізге жаңа Ректор Өкілі болып келген доктор профессор Пейами Баттал мырза мен Ректор өкілінің кеңесшісі профессор Доктор Юнус Сөйлетті көпшілікке таныстырды.

Салтанатты шарада университетіміздің ректоры Жанар Амангелдіқызы жиналған жұртшылықты еліміздің ең маңызды болып саналатын тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. «Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке — Тәуелсіздік күнімен баршаңызды құттықтаймын! Еліміздің жалынды жастары бастарын бөйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болсын», - деді ректор құттықтау сөзінде.

Мерекелік жиында оқу ордамызда жемісті еңбек еткен ардагер ұстаздар мен ұзақ жылдар университет дамуына зор үлес қосып келе жатқан оқытушыларды университетіміздің 30 жылдық төсбелгісімен арнайы марапаттады.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ

Таяуда университетімізде Қазақстан Ғалымдар Одағының Президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Оразалы Сәбденнің «Әлем, Түркі цивилизациясы және Қазақстанның болашағы» атты кітабының тұсаукесері өтті. Жиынға университет басшылары, оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты.

Университет ректоры Ж.А. Темірбекова, ректор өкілінің міндетін атқарушы П.Пилтен, университетте жемісті қызмет атқарған экс ректор Оразалы Сәбденұлына, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Әшіровке алғыстарын айтып, шығармашылық табыс тіледі. Оқу ордамыздың 30 жылдық мерейтойы аясында ректор Жанар Амангелдіқызы университетімізде басшылық қызмет атқарып, білім ордасының дамуына өзіндік үлестерін қосқан, Оразалы Сәбден мен Әбдімәлік Әшіровті 30 жылдық төсбелгімен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады. Өз кезегінде қос ғалым да университет кітапханасына бірнеше авторлық туындыларын сыйға тартты.

Жаңа кітапта Абай Құнанбаев екі ғасыр бұрын көтеріп және әлі күнге дейін өзекті болып отырған түйткілді мәселелерді ХХІ ғасырда қалай шешу қажеттігі жөнінде автордың пікірлері келтірілген. Сондай-ақ, «Түркі халықтарының тарихы панорамасы», «Адамзаттың ХХІ ғасырда аман қалуының стратегиялық концепциясы»,



«Рухани Түркістанды жаңғыртудың Ұлттық идеясы» жайлы терең құнды ойлары мен рухани ел тұлғаларына деген іңкәрлік, Отанға деген адалдық сезіледі. Егеменді қазақ елінің жарқын болашағы әлемдік өркениетке жету тақырыптары да қамтылған.

Ғалыммен ХҚТУ-да бірге қызмет атқарып, бірлесіп авторлық жобаларды қорғап жүрген әріптесі профессор Әбдімәлік Әшіров өз сөзінде: «Адамзаттың ХХІ ғасырдағы өмір сүру стратегиясының тұжырымдамасы және азық-түлік қауіпсіздігі» жобасы елімізде ғана емес, Еуропада да сөзсіз ықпаласқа ие болғанын айтып өтті. О.Сәбден осы кітаптың тұсаукесерін Лондонда, әлемдегі ең үздік Кембридж университетінде өткізу үшін Ұлыбританияға шақырту алады. Осы кітапты ағылшын тіліне басып шығарған Hertfordshire Press британ баспа үйінің БАҚ өкілдеріне берген мәліметіне сүйенсек, «Қазақстаннан келген академик Лондонды өзінің ХХІ ғасырдағы адамзаттық өмір сүру стратегиясымен таңғалдырды», - деп айта кетті. Ғалымның соңғы жылдары әзірлеген жобаларының ішінде ойып орын алатыны – «Түркістан өңірі» жаңа рухани-технологиялық кластерін құру – қазақстандық қоғамды ізгілендіру жолы» тақырыбындағы зерттеуі. Автор Түркістан қаласын рухани астанаға, мәдениет, ғылым мен білім орталығына айналдыру және оны ХХІ ғасыр талаптарына, Еуразиялық интеграция идеясына сай дамыту мақсатын қойғандығын айтып өтті. Кентау экскаватор мен трансформатор зауыттарының өндірістік қуаттарын жаңғырту, «Байқоңыр-Семей» ядролық қарусыз паркін ашу, «Жібек жолы» көліктік-логистикалық орталығы, технологиялық колледж және басқа да инфрақұрылым құрылысын жандандыру мақсатында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа да ұсыныс хат жазғанын айтты. Құнды ойлардың жауабына қанағаттанған Президент Қ.Тоқаев оның Отанға қызмет етудегі қызметіне жоғары баға бере отырып, екі рет Алғыс хатын жолдаған.

О.Сәбденнің үндеулері еліміздің және халықтың өмірін жақсартуға бағытталған және көбінесе ұсынымдық сипатқа ие. Оның әрбір бастамасынан нарықтық экономика жағдайында әркімнен табыла бермейтін патриотизм элементтерін көреміз. Кеш барысында кітап авторы, академик Оразалы Сәбденге ОПҚ, студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар алынды. Қонақтар тарапынан өркениет тақырыбындағы саналы ұрпаққа ой салар тартымды әңгімелер айтылды. Мәртебелі қонақтар кездесуден соң университет кампустарын аралап, естелік суретке түсті.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Университетімізде «1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығына сай Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесіне арналып, оған еліміз және шетелден бірқатар ғалымдар, қуғын-сүргін мәселесімен айналысып жүрген облыстық комиссия және жұмыс тобы мүшелері, зерттеушілер, архив мамандары, докторанттар қатысты.

Басқосу 1920-1950жж. Кеңес өкіметінің саяси қуғын-сүргініне ұшыраған құрбандарын толық ақтау бағытында атқарылып жатқан ғылыми-ізденістер жұмыстарының екінші жылының қорытындысын жасау мақсатында ұйымдастырылды.

Оқу орнымызда студенттердің ХХХІ ғылыми-теориялық конференциясының жабылу шарасы өтті. Жыл сайын ұйымдастырылатын конференцияның басты мақсаты – студенттердің ғылымға қызығушылығын арттыру, өз ойларын жүзеге асыруға көмектесу. Биылғы ғылыми-теориялық шараның негізгі бөлігі 21 қараша мен 06 желтоқсан аралығында өтті. Конференцияда 30 секция жұмыс жасап, 810 баяндама тыңдалды. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша үздік деп танылған баяндамаларды марапаттауға және Пленарлық мәжілісте баяндама жасауға шешім қабылданды.

Қорытынды басқосуға университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова, вице-ректорлар, факультет декандары, ОПҚ мен студенттер қатысты.

ҚР Журналистер Одағының мүшесі Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Хакім Абай» ҒЗО директоры Жабал Шойынбеттің «Түркістан – Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітабының тұсаукесері рәсімі өтті. Аталған шараға зиялы қауым өкілдері мен университет қызметкерлері және студент жастар қатысты. Мән-маңызы бөлек шараға университетіміздің әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев модераторлық етіп, Жабал Шойынбеттің атқарған қызметтері мен жазған еңбектерін қалың жұртшылыққа таныстырды. Сонымен қатар, «Түркістан – Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітапта жазылған құнды дүниелерді де назардан тыс қалдырмады.

«Түркістан – Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде, тәуелсіздікпен қатар құрылған, қазіргі түбі бір түркі әлемінің білім ордасына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің іргетасы қаланған уақыттан бастап, бүгінгі таңа дейінгі жетістіктері баяндалса, екінші бөлімінде шежірелі Созақтан шыққан, киелі Түркістан жеріндегі небір дауларға төрелік білдіріп, қаншама өзекті мәселелерге билік айтып, қалың елдің басынасын шешіп отырған Шойынбет би жайында жазылған.

Тағылымы мол шарада кеш иесіне оқу ордамыздың 30 жылдық төсбелгісі тағылып, арнайы құттықтау хатпен шапан жабылды. Айта кетейік Жабал Шойынбет оқу ордамызда 1994-2008 жылдар аралығында сүбелі еңбек еткен.

Сондай-ақ қалалық әкімдік пен қалалық мәслихаттан арнайы құттықтаулар мен сый-сияпаттар табысталды. Сонымен қатар, Жабал Шойынбет дүниеге келген Созақ жерінен де арнайы құттықтау хаттар мен бағалы сыйлықтар жетті.

Осылайша жалғасқан жиында «Түркістан – Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» кітаптың тұсау кесер рәсімі өтті. Жиын соңында кеш иесі жиналған барша қауымға алғысын білдіріп, «атақ-абырой не керек, халқымның, туған жерімнің осындай үлкен қошеметі, мен ыстық ілтипаты тұрғанда», -деп сөзін қорытындылап, оқу ордамыз бен қала кітапханаларына өз кітаптарын сыйға тартты.

Павлодар облысында бокстан ерлер арасындағы ҚР чемпионаты басталған болатын. Байрақты бәсекеге еліміздің барлық аймағынан 13 салмақ дәрежесінде 200-ден аса спортшы қатысып өзара бақ сынады. Аталған дүбірлі додаға оқу ордамыздың спортшы студенттері қатысып, жүлделі орын иеленді. 86 келі салмақта Тоғанбай Сағындық 2 орынды еншілесе, 80 келіде Бекболат Әбдікерім мен 67 келі салмақта Алишер Әбдуәли 3 орынға табан тіреді.

БІЗ ТАПҚАН ШЫНДЫҚ

(Мәскеу архивінен табылған құнды құжат)

Дүние қызық! Бәрі бір Алланың кереметі. Кейде қанша тырыссаң да, болмайтын істің, қиыы өздігінен бола кететіні бар. «Адамның дегені емес, Алланың қалауы болады» деген осы шығар. 2021 жылдың 21 тамызында Семей қаласындағы Әлихан Бөкейхан университеті мен «Салауат Шығыс Қазақстан облыстық жастар қоғамдық бірлестігінің» ұйымдастыруымен «1920-1950 жылдардағы Кеңес саясаты: жас тарихшылар көзімен» форумы өтетіндігі және сол іс-шарада баяндама жасау туралы арнайы шақырту хат келді. Уақытты оздырмастан, жолға шықтым.

Барғаным өкінбеймін. Еліміздің әр өңірінен келген өзін қатарлас жастармен танысып, пікір алыстым. Ой бөлістік. Алға жетелеген асқақ армандарға бастаған ұшқын тұтанғалы тұр. Мектеп бітіргеннен бергі арманым шетелде білім алып, тәжірибе жинап оқу еді. Ол арман сағым болып, ұмыт болғалы қанша жылдар өтіп кетсе де, андасанда ойыма оралатын. Ия, бұл форум соны қайта оятты. Тек ол ғана емес, тілегімнің ауқымы өсті. Енді шетелде оқу емес, көрінінше сол елдердің архивтерінде отырып, ел тарихына қатысты тың құжаттарды тауып, айналымға енгізіп, алдағы уақыттарда жасалатын ауқымды істердің ғылыми негізін жасамаққа бет бұрдым. Сол себепті «Болашақ» бағдарламасымен оқыған түлектерден сұрап біліп, тәуекел етіп, құжат тапсырдым. Бәрі сәтті өтті. Несібе бұйырған екен Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері атандым. Әрине, Аллаға шүкіршілік етемін. Одан соң, әрбір ісім орайы келіп орындалып жатқаны, аяулы анам мен әкемнің тәрбиесі. Аянбай дәріс берген ұстаздарыма да алғыс айтамын.


Барар жерім – орыс жері, яғни М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті. Мұнда қазақтың маңдайына сыймай кеткен небір асылдары мен зиялылары оқыған. Дәл осы қалада қазақтың өр мінезін, асқақ арманын жүрегіне сыйдырған тұлғаларымыз бір кездері ғұмыр кешті. Біз мұны архив материалдарынан тапқан мәліметтерімізге сүйене отырып, көз жеткіздік. От пен өлімнің арасында жүрсе де ұлт мүддесі үшін аянбапты. Ең өкініштісі, солардың осы жерде ажалмен кездескені.

Мәскеуге келген сапарымды Алаш арыстарының рухтарына арнап, құран бағыштаумен бастадым. Әуелі, сұрқия саясаттың құрбаны болған қазақтың асыл азаматтары Әлихан Нұрмұхамедұлы мен Нығмет Нұрмақовтың қабірінің басына барып, құран бағыштадық. Келесі күнінде, бар ғұмырын қазақ ұлтының тағдырына алаңдап, қыршынынан қиылған ерлердің зиратына бардық. «Коммунарка» деп аталатын саяси репрессия құрбандарының зиратында Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Ғазымбек Бірімжанов, Тұрар Рысқұлов, Зияда Әбенев секілді, өз өмірінен ұлт тағдырын жоғары қойған азаматтарымыз жатыр екен.

Мұндағы жетекшім – Жібек Сапарбекқызы. Оның маған берген алғашқы кеңесі «Түркістаннан келіп, Түркістанда бар нәрсені қайта алып баруға келген жоқ шығарсың. Сондықтан, Қазақстанда сенің салаңда не жоқ соны табуға тырыс. Осылай етсең, дұрыс болады» дегені мені қатты ойландырды. Бекітілген тақырыбым: «Алаш зиялыларының мұраларын жинау». Ауқымы кең тақырып. Алғашында расын айтайын жүрексіңдім. «Мұны қайдан, қалай жинаймын?» деп мазалаған оймен іздеу жұмысымды бастап кеттім. Барар жерім бәріне белгілі ГАРФ (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві). Одан сәл босай қалсақ, РГАСПИ (Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихы архиві) мен әйгілі Ленин атындағы кітапхана. Арасында Ресейдің белгілі тарихшыларының дәрістеріне қатысамын. Алғашқы да, кеңестік кезеңде Қазақстанда дін саясаты қалай жүргізілді, осы мәселелерді іздедім. Көп құжаттар таптым. «Кеңестік биліктің Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясаты (1918-1953 жж.)» тақырыбында мақалам шықты. Қанқұйлы қызылдар билігі халықты діннен айыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаған екен. Қарапайым ғана Құдайға сеніп жүрген ауыл ақсақалына дейін қуғындалыпты. Қаншама мешіттер бұзылған. Халық рухынан айырылмас үшін діннің сақтаудың түрлі шараларын қарастырып бағыпты. Ең қиын тағдыр ұрпақтар сабақтастығымен келе жатқан сопылық дәстүр мен Алланың ақ жолына өмірін арнаған дін өкілдерінің басына түсіпті.

Оларды архив құжаттарындағы кеңестің сойылын соққан жеңдеттердің тілімен атағанда «бродящие молдалардың» қуғын көрмегені қалмаған. Сондай қуғындау Қожа Ахмет Ясауидің ілімін жалғастырушы сопылардың да басына түсті. Неге деңіз? РФМА-інен табылған тарихи дерекпен мысал келтірейін. 1932 жылы кесене жанындағы «Қылует жер асты мешітінің» күмбезін бұзып, ортасына түсіріледі де, үстіне топырақ үйіледі. Соғыс жылдары жергілікті Ясауи ілімін жалғастырушы сопылар өз күштерімен, өз қаражаттарына топырақ астына көміліп қалған, Қылует жерасты мешітін ашып, қайта қалпына келтіреді. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа бармады. «Қылует» мешітін екінші рет жабу туралы мәселе 1947 жылы қайта көтеріліп, өкінішке орай, көп ұзамай жүзеге асады. Бір ғана Ясауи бабамыздың көзіндей болған жерасты мешіті осылай жабылып, қиранды төбеге айналды. Бұл бір ғана мешіттің тағдыры. Елдегі көне мешіттердің барлығы дерлік осындай күйге түседі.

Хос, бұл тақырыпты алдағы уақытта тағы да сөз ететін боламыз. Менің жұмыс жоспарым кестеге сәйкес, негізінен жоғарыда аталған тақырыбыма қатысты болатын. Ойды ой қозғайды. Сондықтан, Мәскеумен байланысы бар тұлғалардың тізімін жасадым. Жасаған тізімді қайта қарап, жіктеп шықтым. Кеңес үкіметі орнағанға дейін Мәскеудің, керек десеңіз сол заманның маңдай алды білім ордасында оқыған қазақ зиялылары кімдер? деген сұрақ мазалады. Жасаған тізімнің шынайылығына көз жеткізу үшін архивтің қаншама құжаттарын ақтаруыма тура келді. Ақтардым. Таптым.



Мәскеу ауылшаруашылық институтында Телі Жаманмұрынов, Мұса Сейдалиев, Сатылған Сабатаев, Мәскеу коммерциялық институтында Нәзір Төреқұлов, Хасен Бекентаев, Лазарев шығыс тілдері институтында Нұрғалым Рамазанов, Мәскеу императорлық университетінде, қазіргі М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде Дәулетше Күсепқалиев, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Мұқыш Боштаев (кейіннен Петербург политехникалық институтына ауысқан), Мәскеу жоғары қыздар курсына қазақтың тұңғыш дәрігер қызы – Аққағаз Досжанованың оқығандығы архив құжаттары негізінде анықталды. Сонымен қатар, Сатылған Сабатаев пен Телі Жаманмұрынов бұған дейін Мәскеудегі Лазарев шығыс тілдері институтын бітірген екен. Олардың жеке істері сақталған архив құжаттарын таптым. Тұлға дәрежесіне көтерілген бұл азаматтардың қоғамдық саяси қызметтерімен қатар, қазақ халқының мәдениеті, тарихы, әдебиеті, ғылымы үшін жасаған ерен еңбектерінің бастауы осы университет қабырғаларында басталыпты.

Тағы да қазақтың зиялы азаматы Жаһанша Досмұхамедовтың 1910 жылы жазған «Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарының негізгі ережелері және оны жүзеге асырушы орган ретінде халықтық сот» тақырыбында жазған дипломдық жұмысына кездестім. Ал, оның артықшылығы кандидаттық диссертация жұмысының салмағымен пара-пар. Бұл кандидаттық диссертация бұрын еш жерде жарияланбаған. Біздің ойымызша, отыз бес беттен тұратын зерттеу еңбек келешекте қазақ тарихының беймәлім тұстарын толықтыра түсетініне бек сенімдіміз. Сондай-ақ, еңбекте қазақтың тұңғыш инженерлерінің бірі Мұхамеджан Тынышпаев пен басқа да ғалымдардың еңбектеріне сілтеме берілгені келесі ізденістеріме жол көрсетті. Осы сілтемемен М.Тынышпаевтың, Ж.Сейдалиевтің, «Түземдік» лақап атымен жазған тұлғаның Ресейлік «Петербургские ведомости», «Рассвет», «Мусульманская газета», «Русь» және т.б. басылым беттерінде қалың қазақтың сол кезеңдегі өзекті мәселелері туралы жарияланған мақалалары бүгінгі мәселелерге арнап жазғандай. Бәрі де өзекті, тарихи құнды құжат ғана емес, ардақты қайраткерлеріміздің елін, жерін, мәдениетін, ұлтын соншалықты жүрекпен сезініп, жанын бере еткен қызметтерінің көзіндей көрінді. Құжаттар, суреттер, газет мақалалары бірінен соң бірі, кезек-кезек табыла берді. Өйткені, осынау ақыл иелерінің бір-бірін қолдап, бірінің идеясын бірі іле кетіп сілтеме жасағаны бүгінде сендер осындай ұйымшыл болыңдар деп тұрғандай.

Табылған құжаттардың ендігі бір легі оқу орнын-

да оқып жүрген кезеңде хатқа түскен олардың жеке істерімен, жаста болса қоғамдық-саяси қызметтерге етене араласуымен байланысты. Олардың әрбірі Нәзір Төреқұловтың жаңадан табылған құжатындағы оқуға түсерде жазған өмірбаянында келтірген «алған білімді туған өлкемдегі халқымның қажеті үшін арнағым келеді» деген бір ауыз сөзіндегідей ойдың құдыретін паш етіп тұрғандай көрінді. Ал, бұрын жарияланбаған суреттегі отты көздерінен осынау ойлар айтпай түсініледі. Бір таңқаларлығы жаңадан табылып отырған Жаһанша Досмұхамедовтың «Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарының негізгі ережелері және оны жүзеге асырушы орган ретінде халықтық сот». Сұлтан Сейдалиевтің 1884 жылы жазған «Қырғыз-қайсақ тұрмысының сипаты» (Описание киргиз-кайсацкого быта) диссертациялары қазақтың бай мәдениеті мен тарихын шынайы бейнелеп көрсетуімен ерекшеленеді. Ал, Сатылған Сабатаевтың мал шаруашылығына байланысты жазылған «Үздіксіз тәжірибе» диссертациялық зерттеу еңбегі сан ғасырлық халқымыздың көшпелі өркениетімен бірге біте қайнасқан төрт түлік мал өсірудің ғылыми негіздерін айқындап жазуымен айрықшаланады. Мұның өзі, қазақ баласының айрықша зейінмен ғылым көкілегін бағындыра алғанын дәлелдей түседі. Сонымен қатар, Сатылған Сабатаевтың жас та болса зеректігімен көзге түскен Нұх-ғалым Рамазановпен бірге қазақтың бас ақыны Абайдың өмірбаянын, өлеңі мен қарасөзін, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын» орыс тіліне аударып, орыс халқына тұңғыш таныстыруы жас студенттер үшін үлкен істің бастамасы еді. Амал нешік, бірі – Нұх-ғалым Рамазанов айықпас ауыр дерттен жастай о дүниелік болса, екіншісі – Сатылған Сабатаевтың қызылдар қолынан қаза тапқаны қынжылтады. Дарынды жас пен қалыптасқан ғалым, қоғам қайраткерінің халық үшін жасар жаңалығы көп еді деуден басқа амал қайсы.

Мемлекет және қоғам қайраткері Н.Төреқұловтың өмірі тарихына қатысты табылған деректерге талдау жасап, оның ең алдымен ұлтына, туған халқына көмек беруге ұмтылғанын көрдік. Қазақ тарихының кеңестік кезеңі жұлдыздай жарқыраған бірнеше қоғам қайраткерінің халыққа қажымай қызмет етуімен есте қалды. Олардың өмірі мен өлімі үшін деп жасап кеткен өнегесі ұлттың мақтанышы ретінде дәріптеле беретін болады.



XX ғасырдың бас кезіндегі революциялық және Ғаббасов Халел (1888-1937 жж.) реформалық өзгерістер сол кезде тарих сахнасына шыққан ұлттық элитаны қазақ халқының болашағына қызмет етуге жұмылдырды.

Алайда, олар өздері құрған кеңестік биліктің тоталитарлық саясатының құрбаны болды. Сондықтан да, ұлттық тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне шынайы баға беру тарихымыз үшін ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпақын рухани жаңғыру ұстанымдары тұрғысынан елжанды, мемлекетшіл етіп қалыптастыруға қызмет етеді. Осыған байланысты тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруда ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен ұлттық мемлекеттің

негіздерін қалаудағы тарихи еңбектері

мемлекетшілік идеясына топтастыратын ғылыми қалып болуы тиіс деген тұжырымға келдік. XX ғасыр басындағы аталған қазақ зиялыларының әрбірі жеке зерттеуді қажет етеді. Қазақ зиялыларына, кеңестік кезеңдегі қазақ тарихына қатысты әрбір құжатты, керек десеңіз сөйлемді тапқан сайын өзіме тағы бір жауапкершілік жүктелгендей болды.

Бұл жазғандарым тағылымдама барысындағы жұмысымның бір бөлігі ғана. Алла қаласа, алдағы уақыттарда, Мәскеу архивінен табылған әрбір құжат пен суретке жеке-жеке сипаттама беретін боламыз. Сондықтан, Сіздерге, Тәңір жарылқасын тілеп, жалғасы бар деп аяқтайын.



Исаев Мұхтар СЕЙТХАНҰЛЫ
PhD, аға оқытушы
Мәскеу қаласы
2022 жыл 6 желтоқсан.

САПАР КҮНДЕЛІГІ

МӘСКЕУ ЖАЗБАЛАРЫ-1

(Ұлты үшін тағдыры тәлкекке түскен ерлерім-ай! ...)

Адам баласының арманы – шексіз. Ес біліп, етек тартқаннан бастап алға ұмтылады. Мүмкін солай болуы да керек шығар. Себебі, ең бірінші, құлқының үшін, тамағына «талғажау етер» дәм іздейсің. Олай етпесең қалай өмір сүресің?! Есейе келе, өзіңмен бірге сұранысың да артады. Міне осы аралықта екең мен анаңның санаңа сынамаалап сіңдірген тәрбиесін, ұстаз бен өмір мектебінен алған дәрісінді жадыға жаттап, көңіліңе тоқи алсаң алдың ашық, жолыңның даңғыл болары рас. Әрине, тіршілік болған соң, мыңдаған, әлде одан да көп кедергілер кездеседі. Ал, екінші, болмысыңа орнаған шынайы сенімнің күшті болса, сені алға жетелейді. Өсте уайымдама. Мен де өздеріңіз секілді жоғарыда аталған «өткелдерден» өтіп келемін. Аллаға мың қайтара шүкіршілік. Бала болып, асыр салып ойнадым. Мұңсыз өстім. Себебі бір кездері менің әрбір тілегімді қалтқысыз қабыл алып, мүлтіксіз орындаған ардақты әкем мен аяулы анам болды. Сондықтан ба екен, артық дүниені ойланбадым. Балалық қиялымда әкем мен анам мәңгі қасымда болатындай көрінетін. Олардан айырылып қалуға қорқатынмын. Ол ойды өзімше санамнан шығарып тастауға әрекет еттім. Алайда, «тағдыр өз дегенін жасайды» деген шын, осыған көзім жетті. Өлшеніп берген уақыты бітіп, дәм-тұзы таусылған соң, әкемді



«келместің кемесіне» мінгізіп, өз қолыммен шығарып салдым. Арада үш жыл өткеннен кейін, «бой жетіп отырған» анамды да барлық «жасауымен» ұзаттым. Өттен, қандай өкінішті ... Ендігі әрекетім – Жаратушымыздан тілек тілеу ғана. «Аллам, асылдарымның имандарын саламат ет. Амал дәптерлерін оң жағынан келтір. Қараңғы көрлерін құран нұрымен нұрландыр» деп мүмкіндім болған сәттің бәрінде арнайы құран оқып, дұға жасаймын. Тіршілік тоқтап қалмайды екен ғой. Жалғасып келе жатыр. Күн артынан күн, ай артынан ай, керек болса тізбектесіп жылдарда өтуде. Айналамдағы адамдарға қарасам, қым-қуыт тіршіліктің қамымен әрекеттерін жасап, өздерімен-өздері күй кешіп жатыр. Бірақ та айта кетейін, бір қуанышым бар. Ұзағынан болмай. Алланың берген керемет сыйы – ұрпағым өсіп келеді. Өмір заңы дегеніміз – осы шығар, бәлкім. Күнделікті тірліктің сарсаңымен жүріп, уақыттың қалай өтіп жатқанын да байқамай қаламыз. Мен үшін биылғы жыл ерекше басталды. Тәңір бұйыртып, жыл басында Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері атандым. Қуанышымда шек жоқ. Алдын-ала жасалып, жоспарланған кестеге сәйкес, мамыр айының 19 жұлдызында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне тағылымдамадан өту үшін сегіз айға баруым керек болатын. Алайда, денсаулығымның қауіптілігіне байланысты (мамыр айының 17 жұлдызы) Қызылорда облыстық ауруханасының «нейроинсульт» бөлімшесіне төтенше жағдайда жатқызылды. Дәйекті түрде, үздіксіз және тұрақты ем қабылдап, денсаулығымды түзедім. Қазан айының алғашқы аптасынан бастап қайта жұмысыма кірістім. Денсаулығым шамалы өз қалпына келгесін «Мәскеуге бару» деген арманым санамда қайта қозғалды. Дәл сол уақытта «іздегенге сұраған» деген дейін «Болашақ» орталығындағы жауапты тәлімгерім Мәдина хабарласып, сапарымды кейінге қалдырмай, осы жылдың ішінде, ең болмағанда уақытын азайтып болса да, тағылымдамаға барып-қайтуға ұсыныс білдірді. Алайда, «Болашақтың» құзырына кірмейтіндіктен Мәскеумен сөйлесіп, келісімді қайта жасауды өзіме тапсырды. Алла сәтін салса, істің қиюы келе қалатынына қалай таң қалмайсыз. Міне, соның нақты дәлелі осы – Мәскеуге келгеніме де бүгін он күн. Айтпақшы, Мәскеуге баратыным белгілі болған күннен бастап, жаным жақын, өмір мен ғылым жолындағы ұстазым – Әбдіманап Әбдіразақұлы әр күн сайын телефонмен хабарласып, жол жүруге қамдандырып, ақыл-кеңесін айтып отырды. Орыс жері, соның ішінде

Мәскеудің тыныс-тіршілігі, қала тұрғындарының болмысы туралы тағы толып жатқан өзекті мәселелермен хабардар етіп, дайындығымды пысықтады. Соңғы ұшақ бортына отырғанға дейін де, Мәскеуге келгенде де байланысып, сол жанашырлық қалпынан танбай келе жатыр. Қажет десеңіз, зерттеу жұмысымды қай бағытта және неден бастауым керектігінде назарынан тыс қалдырмады. Алдыңғы күні, яғни қарашаның 30 жұлдызында белгілі айтыс ақыны, бозбала шақта кездесіп, дос болған Асқар Дүйсенбімен телефон арқылы сөйлестім. Танысқан ең алғашқы күннен-ақ Асқар екеуіміздің бір-бірімізбен сөзіміз қабысып, тілектес, ниеттес жандарға айналдық. Өмір көшінде қатарласып, қуаныш пен қиындықта бір-бірімізге дем беріп, бірге келе жатқан жайымыз бар. Менің Мәскеуде жүргеніме шексіз қуанып, риясыз көңілмен, «... әр сәтінді мүмкіндік тауып, қағазға түсіріп отыр. Күнделік жаз» деп, Түркі жұртының абызына айналған – Рахманқұл Бердібай ұстазымыздың бір кездері біздерге айтқан ақылы-кеңесін ойға салды. Мұнан соң, ватсап арқылы «Ооо, досым, бауырым. Амансың ба? Алла жар болсын. Әсерінді жазып тұр. Бұл да ер жігітке бұйыра бермес бақ қой. МГУ – әлемдік білім ордасының бірі» деп хат жіберді.

Алғашқы күні Мәскеудің Внукова әуежайына мінген ұшағымыз келіп конғанда, мені күтіп алған азамат – Исаев Мұхтар Сейтханұлы. Ол – менің әрі інім, әрі әріптесім. PhD доктор деген ғылыми дәрежесі бар. Салмақты мінезі мен ойлы көзқарасы қалыптасқан жас ғалым. Үш күннен аса уақытым университет жатақханасына орналасуға, Мәскеудің өміріне бейімделуге кетті. 27 қазан демалыс болғандықтан «... жүріңіз Сізге Мәскеуді аралатайын» деген соң Мұхтарға еріп, қала көшесіне шықтым. «Сіз әдебиетке жақынсыз, мамандығыңыз тәрбие мен білімнің кілтіне айналған – педагогика саласы болғандықтан, бір кездері тағдырдың тәлкегімен осында келіп, арманға айналып артта қалған елі үшін жанқиярлық ерліктер жасап, қапияда көз жұмған қазақ зиялыларының кесенесіне апарайын» деп Мұхтар сөз бастады. Оларға қатысты біраз жайға қанықтырды. Айтылған межелі жерге де жеттік. Қамал жанынан орнын тепкен, айналасы атшаптырым жерді алып жатқан, үлкен қорымға келдік. Жергілікті тұрғындар оны «Донской» кладбище» дейді екен. Орыстар кезінде өздерін қайта-қайта мазалап, әбден әлекке салған Қазан хандықтарынан қорғану үшін бұл қамалды амалсыздықтан салыпты. Соған байланысты қамал жанына орналасқан зиратты да осылай атапты.

Кіргеннен басталған сүреңсіз суық көрініс еңсені басып, жанымды мазасыз күйге түсірді. Қойылған көп белгілердің ішінен жүрегіме жақын азаматтардың есімін оқидым. Оның бірі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов, ал екіншісі – Нығмет Нұрмақов. Екеуі де қазақ қоғамында ерекше орны бар, өшпес із қалдырған тұлғалар. Мұхтардың айтқандарын ойға түйіп, санамның сандығына сақтап қалу үшін, демімді ішімнен алып, жәй ғана басымды изеп, үнсіз ғана тыңдадым. «Әлихан Бөкейханов – публицист, ғалым, аудармашы, дарынды саясаткер. 1866 жылдың 5 наурызында дүниеге келіп, 1937 жылдың 27 қыркүйегінде қайтыс болған. Төре – тұқымы. Өкесінің молдаға апарып оқытқан біліміне қанағаттанбай, Қарқаралы қаласындағы қазақ мектебінде оқиды. Алғашқыда Омбы техникалық училищесін бітіреді. Жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясының елордасы болған Санкт-Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына оқуға түседі. Ресей империясының қол астында қараңғылықта отырған елінің ауыр тағдыры алаңдатып, халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады. Ұғып қана емес, өмірінің соңына дейін мақсат етіп қойып, аянбай күреседі. Ол – тек мықты саясаткер емес, өз ісінің, соның ішінде орман шаруашылығының да білгірі болған. Әлихан Нұрмұхамедұлы мұнан бөлек, қазақ фольклорына да қатысты қомақты зерттеулер жүргізген. Оның қарастырған негізгі аспектілері: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жырыш мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырдан көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері тағы сол секілді өзекті мәселелерге қалам тербеген.

Ал, Нығмет Нұрмақов – 1895 жылы 25 сәуірде Қарқаралы уезінде өмірге келіп, 1937 жылдың 25 қыркүйегінде жан тапсырған. Білімі – жоғары. Өте сауатты болған. 1915 жылы Омбы семинариясын тәмамдап, 1931 жылы ВКП (б) ОК жанындағы

Коммунистік университетті тәмамдайды. Осы арада мына дүниені ерекше атап өтер едім. Нығмет атамыз берік қалыптасқан интернационалист болған. Ол туған елі – Қазақстанның жетістіктерін бүкіл совет елінің табыстарымен тығыз байланыста қарады. Кезінде Одақтық үкіметті алдына қойған бірқатар маңызды ұсыныстары терең дәйектілігімен назар аударған. Мысалы, астықты аудандардың бірі – Қазақстанның рөлін арттырудың қажеттігі. Партиялық және мемлекеттік жұмыстың қай саласында жүрсе де барлық күш-жігерін, ұйымдастырушылық дарыны мен білімін жаңа құрылыс ісіне арнаған. Әсіресе, Жоғарғы Сот пен губерниялық прокуратураның қалыптасуындағы рөлі ерекше зор. Заң ісінде де сауаттылығымен көзге түскен. Тағы да мына нәрсеге айырықша басымдық бергім келіп тұр. Әлихан Нұрмұхамедұлынан бөлек, сол кезде саяси қуғынға ұшырап, елден аластатылып, Ресей жеріне қуғындалған асыл азаматтарымыздың қатарында Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Жаханша Досмұхаметов, Әбдірахман Байгелдин, Мағжан Жұмабаевтарды атауға болады. Тарихи деректерден «Алаш идеясын» қолдағандардың ендігі бір тобы – сол жылдары Мәскеуде қызмет еткен Қожар Төреқұлов, Санжар Аспандияров, Сұлтанбек Қожанов, Нығмет Нұрмақовтың да болғандығын көреміз. Олардың мүдделері бір арнада тоғысты. Ұлтының ертеңіне алаңдаған арыстарымыз жандарын шүберекке түйіп, елінің ертеңіне деген сеніммен, саяси күрес жүргізді. Осы жолда опат боларын білсе де, бастарын бәйгеге тікті.

Міне, осындай асыл азаматымыздың жарқын бейнелері есімізде мәңгі сақталуы үшін, дәріптеп, насихаттап ұлттық рухты оятатын ілкімді істерді тоқтатпауымыз керек деп, Мұхтар інім сөзін аяқтады. Өуақтарға арнайы құран бағыштадық. Алладан жандарының Фердаус жәннәтінен орын алуын тіледік. Басқа амалымыз қанша? Ендігі қолымыздан келері тек өз ойымызды хатқа таңбалап түсіріп, елге жеткізу. Сол кездегі асыра сілтеушілік пен жалған ақпарат арыстай азаматтарымызды орыс түрмесінің тар қапасына қаматып, адам тәзгісіз қинауға алады. Ең өкініштісі, Әлихан Нұрмұхамедұлы мен Нығмет Нұрмақовты ұзақ азаптаудан соң, крематорийде өртеген. Не деген жанды ауыртып, көзіңе еріксіз жас келтіретін аянышты тағдыр десеңізші. Бұл – адам жанын қорлау былай тұрсын, ұлтқа жасалған қастандық, қорлық емес пе?! Біз келген мазаратта олардың аттары жазылған тақтайша ғана тұрды. Мүрдесі түгілі, өртенген күлдері қайда екені белгісіз. Керек болса, бар болған күннің өзінде сол күлдің кімге тиесілі екендігі де бір Аллаға ғана аян.

Тағдыр – шебер екен. Бір өңірдің тумалары Әлихан Нұрмұхамедұлы мен Нығмет Нұрмақовқа бірге үндес, бірге пікірлес болудан бөлек бірге, бір жерде, бір мезгілде, бірдей ұқсас, бірдей азапты, бірдей өлім бұйырыпты. Еңсем езіліп, көзім қарауытып, орнымнан әрең көтерілдім. Мазараттан шығып кеткенше, керек болса дәл осы қазірдің өзінде, тақырыпқа қалам тартып, жазып бітсем де ауыр ойдан арыла алмадым. Әлихан атамыз жанындағы ерген сенімді серіктеріне: «Уайымдамаңдар, бауырларым. Уақыты келгенде ұрпақтарымыз өздері-ақ бізді ақтап алады. Бұлар біздің тәнімізді жаралап, жанымызды алғанымен, ұлт үшін жасаған игі істерімізді, асқақ армандарымыз бен мақсаттарымызды өшіре алмайды. Іргеміз бүтін, ұрпағымыз аман, ұлтымыз жоғалмаса, ісімізді қайта жаңғыртатын болады» деп қалдырған арман-аманатты



ақтап, біздерге артқан сенімге селкеу түсіріп алмасақ жарар еді. Қайран да менің ұлты үшін тағдыры тәлкекке түскен ерлерім-ай!...

Данияров Талғат ӘБУБӘКІРҰЛЫ
П.ғ.к., профессор
2 желтоқсан 2022 жыл.
Мәскеу қаласы, сағат 20.36

МӘСКЕУ ЖАЗБАЛАРЫ-2

Тағылымдама жоспарына сәйкес, ғылыми дәрістер мен семинарларға қатысып жүрмін. Қалған бос уақыттарымды мүмкіндігінше Мәскеу архивтері мен кітапханаларына барып, ақпараттар жинауға арнаймын. Қала – өте үлкен. Нөпір халық осында. Қымбатшылық мұнда «теңдігін» алыпты. Қай жерге барсаң да, бір затты алсаң да бағасы қымбат. Ақшанды үнемдеп жұмсасамсаң, қиын. Бір жерге жетуің керек болса, ең тиімді көлік – метро. Сол себепті, көп жағдайда межелі орынға баруға жер астына түсемін. Бірде қолыма метроның сызбасы түсті. Жаңа бір әлемді көргендей болдым. Бір-бірімен қиылысып, асқан шеберлікпен ойластырылып жасалған, шеңбер түріндегі тарам-тарам жолдар жатыр. Осыны ойлап тапқан адамның атасына «мың да бір рахмет» деп өзім ішімнен күбірледім. Ойлай демеске амалың да жоқ. Асқан ыждағаттылықпен, шебер жасалған өнер туындысы дерсің. Метроны ойластырған адамның осыншалық ғажап, таңдай қағарлық өнеріне еріксіз басымды иідім. Мәскеудің халқы ығы-жығы. Алғаш келгенімде үздіксіз ерсілі-қарсылы ағылған жұртты көргенде, бейне бір құжынаған құмырысқаның илеуіне тап болғандай әсерде қалғаным бар. Уақыт өте келе, оған да бейімделдім. Бүгін келгеніме де он алтыншы күн. Осы аралықтағы алған әсерлерімді хатқа түсірмекке ниеттеніп жүрген едім. Бірақ қарбалас тірлікпен уақытым болмады. Жазу столына отырудың енді ғана мүмкіндігін таптым. Желтоқсанның 5

жұлдызы түске жақын он бірлер шамасында Мұхтар екеуіміз «Шетелдік мұғалімдер үйі» аталатын қонақжайымыздан шықтық. Бағытымыз Совет үкіметінің отызыншы жылдарында арнайы мақсатта ашылған – «Коммунарка». Атына сырттай қанықпын. Алаштың арлы азаматтары мен Совет Үкіметіне «қастандық жасады» деген жалған ақпаратқа ілініп, азапты қинаудан соң, жазықсыз атылып, сұраусыз өмірі қиылған жандардың мәңгілікте тыныстаған – қаралы орыны. Бұл жерге келмес бұрын, Коммунарка жөніндегі мәліметті маған Искаков Бауыржан деген азамат айтқан болатын. Мен секілді Искаков Бауыржан да – Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері. Бауыржанмен Мұхтар екеуіміз алғаш рет жыл басында Мәскеуге кету үшін, Болашақтың құжаттарын әзірлеуге Астанаға барғанымызда танысқанбыз. Өзі – Семейдің тумасы. Қазіргі таңда Астанадағы Тұран университетінде профессорлық қызмет атқарады. Экономика саласында диссертация жазып қорғаған, білімді азамат. Тек аталған салада ғана білімді емес, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, тұшымды сөзі бар, рухы күшті, жігерлі жас жігіт. Мен Мәскеуге келмес бұрын маған қаланың тыныс-тіршілігі, Ломоносов университетінің әлемдік деңгейдегі салмағы, оқу барысы мен осы жерде алған әсері туралы жазба жолдап отырды. Оның бір жазбасы Коммунарда жатқан, жазықсыздан жазықсыз қыршынынан қиылып, арманда кеткен боздақтарға арналыпты.

«Елі үшін еңірген, халқын шексіз сүйген ұлтшыл ағамыз Сұлтанбек Қожановтың есімі қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырғаны анық. Сұлтанбек Қожанов – мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист және редактор. Түркістан автономиясының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін зор еңбегін сіңірген күрес қатысушысы. 1919-1920 жылдары Түркістан қаласында уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған және азық-түлік комитетін басқарған. Сол жылдары Қазақстанда әлі аяқталмаған «үлкен жылан» деп аталатын жұттың зардабын шеккен аш-жалаңаштарға азық-түлікті әділетті бөліп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген.

Сұлтанбек атамның өміріндегі маңызды орын алған оқиға 1921 жылы 3 желтоқсанда Бүкілресейлік Кеңестердің IX съезінде делегат болып қатысуы еді. Сол съезде жалынды сөз сөйлеп, орынды тың ойлар ұсынған. Үзіліс кезінде В.И. Ленин кабинетіне шақырып алып: «Жарайсың, қызу қанды қырғыз!» дейді. Сонда атам: «Біз қырғыз-қайсақ емеспіз, олай деу бізді кемсіткендік болады, біздер қазақпыз. Нағыз қызу қанды қазақтар әлі далада жүр, олар Сізге жеткен жоқ. Олар өлі Сізге келеді», - дейді. Осы жолы Ленин С.Қожановқа: «Елге оралған соң халық-ағарту мәселесімен терең айналысыңыз», - деп кеңес берген екен.

1921 жылы қазанда Сұлтанбек Қожанов – Халық ағарту комиссары болып тағайындалды. Ол білім беру саласында жергілікті халықтың тілінде оқытуды талап етті. Ол Түркістанның баспасөзі мен ұлттық

театрының дамуына зор үлес қосты. Қожанов «Ақ жол» газетінің шығуын ұйымдастырды және осы газеттің алғашқы редакторы болып тағайындалды. Ауыл шаруашылығының жағдайына ерекше назар аударды. 1922-1924 жылдары ол Түркістан КП Орталық комитетінің хатшысы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, Орта Азия Орталық Комитеті бюросының мүшесі болып жұмыс істеді. Қожанов өзін Орталық Азиядағы ұлттық-аймақтық делимитация кезеңінде өзін мемлекет қайраткері ретінде танытты. 1925 жылдың ақпанынан бастап Қожанов Қазақ өлкелік комитетінің екінші хатшысы болып тағайындалды.

болды.

Осынау асқақтаған арманмен елі үшін кеудесін оққа тосқан бабамыздың есімі ұрпақтан ұрпаққа, жұрттан жұртқа таралуы тиіс. Қазіргі ұрпақтың міндеті – осы жарқын тұлғаның жарқын өмірі туралы ақпаратты халыққа жеткізу. Мына біздерге бейбіт өмір сыйлауға барын салғандарды ұмытпай, есімдері мен еңбектерін мәңгі жадымызда сақтағанымыз жөн» деп керемет жазба жолдады.

Коммунарка қала сыртында орналасыпты. Метроның соңғы аялдмасына жетер тұстан түсіп қалып, жолымды әрі қарай жаяу жалғастырды. Бір сағат көлемі жүріп отырып, сол айтылған жерге де келіп жеттік. Күн – дүйсенбі. Далада аяз тістеп тұр. Біз келгенде, сыртқы қақпа жабық болды. Қоңырауды басып едік, ішкі жақтан қарауылдың «у нас сегодня выходной» деген жауабын естідік. Біз қарауылға өзіміздің Қазақстаннан келгенімізді айтып, өтініш жасадық. «Мың болғыр» екен, есікті ашып, бізді ішке кіргізді. Кіре берістің оң жақ қапталына «1937 – 1941 жылдары қаза болған мыңдаған саяси қуғын сүргін құрбандарын мәңгілік есте қалдыру үшін» деген жазбасы бар ескерткіш тас орнатылыпты. Одан әрі жағалап жүріп, арнайы тақтайшалардан атылған уақыттары жазылған мыңдаған адамның тізімін оқыдық. Сол тізімнен Сұлтанбек Қожановтан бөлек қазақ қоғамы үшін ерекше еңбегі сіңген бірнеше азаматтың есімі кезге ілінді. Олар: Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Ғазымбек Бірімжанов, Зияда Әбенев.

Жалғыз аяқ жолды жағалай отырып, мүрделер көмілген жерге де келдік. Бірақ олар жатқан төмек, я болмаса төбені көре алмадық. Тек әр ағаштың түбіне байланып, бекітілген тас белгілері ғана тұрды. Құлпытастарындағы бейнелерін көрдік. Есімдерін оқыдық. Тірісінде көрген азабы аздай, осында жатқандығын айқындайтын құлпытастары да сыммен бұралып, қатырылып тасталыпты. Жанымда тұрған Мұхтардан «жазалау үкім оқылып, олардың атылғандығын және бөрінің өлі денелері осындағы табиғи шұңқырларға тасталып, топырақпен көміле салғанын» естіген кезімде, денемді суық қарып өткендей болды. Аруақтарға арнап құран оқып, аттарын атап бет сипадық. «Өлдің – өштің» деген осы ма сонда?! Тарихқа үңілсеңіз талай жақсы мен жайсаңда, қиянатымен елді қан қақсатып, еңіреткен патшалар да өткен. Қане солардан кім қалды? Уақытымыз бітіп,

Сұлтанбек Қожановтың ұсынысы бойынша Кеңестердің 1-ші съезі қазақтардың шын атауын қалпына келтіріп, патша заманында бұрмаланған «қырғыз» атауын «қазақ» деп түзетіп, астананы Қызылорда қаласы деп өзгертті. 1925 жылы қарашада Қожанов Бүкілодақтық большевиктердің коммунистік партиясының орталық комитетіне шақырылды және ұлттық республикалар үшін жауапты нұсқаушы ретінде Кавказға, 1928 жылы Ташкентке жіберіліп, Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының филиалын ұйымдастырды. 1929 жылы Сұлтанбек Қожанов Орта Азия мақта суару политехникалық институтын құрды және оның алғашқы ректоры болды. 1929-1931 жылдары ол Орта Азия мақта-жіп фабрикасының директоры болып жұмыс істеді. 1931-1932 жылдары Қожанов БКП (б) Орталық Комитетінің аппаратында жұмыс істеді. Қазақстанның астанасын таңдау, шекарасын бекіту мәселелерін шешуде өз ойларын батыл айтып, бірнеше айтыстарға қатысып, көп еңбек сіңірген. Көзі тірісінде қазақтардың көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұовтың 50 жылдық мерей тойын сол кездегі астана Орынбор қаласында атап өтуге республика басшыларының тыйым салуларына қарамастан, Сұлтанбек Қожанов 1923 жылы Ташкент қаласында өткізеді. А.Байтұрсынұовқа арналған мақалаларды «Ақ жол» газетінде бастырады. Осы жылдары Кеңес өкіметіне қарсы өлеңдер жазып, сол үшін түрмеге түскен. Мағжан Жұмабаевты да Ташкентке шақырып, жұмысқа орналастырады, кітабын шығартады. Қазақ халқы үшін басын бәске тігіп, үлкен ерлік, азаматтық көрсеткен жан. Тікелей Қожановтың қажырлығының арқасында Түркістан республикасының құрамында құрылған Қазақ АССР-ына Қарақалпақстан, Сырдария облысы, Мырзашөл, Бостандық, Шыршық аймақтары кірді. Өкінішке орай, ол жерлерден Қазақстан кейінгі жылдары Өзбекстанның пайдасына біртіндеп айырыла бастады да, Н.Хрущев басқарған заманда Қазақстан бұл аймақтардан түгелдей айырылып тынды. 1937 жылы 16 маусымда С.Қожанов қамауға алынды. Сот ісі Мәскеуде өтті, 1938 жылы 8 ақпанда ол өлім жазасына кесіліп, 10 ақпанда Мәскеудегі Бутырка түрмесінің жертелесінде атылып, өмірімен қош айтысты. 1958 жылы азамат ретінде ақталғанымен, Сұлтанбек Қожанов еңбектері 1990 жылға дейін жабық



дәміміз таусылған шақта бәріміз де өмірден өтеміз-ау. Өткен, кейде соны ұмытып, пенделікке салынып кететініміз өкінішті-ақ. Бірақ, бір нәрсе – анық. Елің үшін жасаған ерлігің ұмытылмайды. Тек соны жас ұрпақтың санасына жеткізіп, ұғындыра алсақ, олардың төгілген тері мен қапияда қиылған тағдыры зая кетпес еді. Бабалар ерлігін насихаттап, дәріптеу бізге – сын. Бұл, бәрімізге сабақ болсын, бауырларым.

Данияров Талғат ӘБУБӘКІРҰЛЫ
П.ғ.к., профессор
8 желтоқсан 2022 жыл.
Мәскеу қаласы, сағат 20.36

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ӨЛЕҢ ЖАЗҒАННЫҢ БӘРІ АҚЫН БА ?

"Ақын, ол егер шын ақын болса, бәдік тәрбиемен жұрттың уақытын алмай мифтер жаратуға тиіс." _ дейді А.Платон.

Қазақтың түйеге мінгені төрт ауыз, атқа мінгені алты ауыз өлең айта алады. Еңгейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін, өн

мен жырдан кенде емес, содан болар-қазақ ақын жанды халық дейтініміз. Жылқыда да жылқы бар, қазан аты бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек демекші, адамда да адам бар, ақындары бір бөлек дегіміз келеді. Себебі әуу дегеннің бәрі ақын бола бермейді, ал ақын жандылыққа бола қазақтың бәрі ақын десек шатасамыз. Ақын-халықтың айнасы, хан мен қараның арасындағы тәңір силаған елшісі. Ол ер көрмегенді көреді, ел сезбегенді сезеді, етекте тұрып құз басын аймалайтын түйсікке ие.

Қазақтың ұлы ақыны Абай 19 ғасырда жазып кеткен сөзі, ұрпақтың тағдырына деген жорамалы, қоғамның бет алысына деген өткір пікірлері бүгін нақ келіп отыр. Ақын өз заманын ғана жырлап қоймай, өзінен кейінгі заманды да сөйлете білді. Қазақтың "ұстарасыз ауызына түскен мұрты" екі ғасыр өтседе, әлі сол күйінде... Соны болжай білген, әуел десеңіз дәп басып айта білген, сол данышпан ақын Абай.

Ақынды өлтірудің керегі жоқ, ол өзі-ақ өледі... Ақынға тобырға ілесіп, дүрмекпен күн кешкенше, айдалада лашық тігіп алып, жалғыз қалған жарасады. Жүйрік-жорға, торғын торқаның буы ақынды еліктірмейді.



Ол ішкі қуатты байытуға ұмтылады, үнемі ой үстінде жүреді, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Кейде тіпті шарықтап, өз алдына бей-берекет сөйлеп кетуі мүмкін. Ақынның бұл әрекеті, өзгелерге сөлекет көрінуі мүмкін, тіпті кейбіреулері жындыға балауы да мүмкін. Алайда жынды дегендер өздерінің ақынды жындандырып жүргенін сезбейді...

Ол қуанса балаша шаттанып, шын күле алады; ол қайғырса қара жерді қайыстыра аһ ұрады; ол мұңайса жүрегі езіліп, жанын қоярға жер таппай аласұрады; ол сүйсе ғажайып құбылыс жарата алады. Сұлудың бір тал меңі үшін, туған жерін сыйға тарта алады... Міне бұл шын ақындарға тән қасиет.

Ал кейбір екі ауыз сөз құрағаны үшін өзін ақын санайтындарға жаным ашиды. Ежелгінің сарай ақындары іспетті, лауазымды тұлғалармен биліктегілерге жарамсақтанып өлең сымақ жазатындар, әдебиетімізге түскен жегі құрт десек қате жорамалдаған болмаймыз. Сөз құраушылар мен ақындардың айырмашылығы жер мен көктей, сонымен бірге «өлең сымақтар» мен нағыз өлеңнің де айырмашылығы бар. «Жерге еккен бидайды, комбайынмен жинайды» деп екінің бірі сөз құрай алады, біз бұған бола ол ақын сөзі дей алмаймыз.

Сайып келгенде өлең құрағанның бәрі ақын емес, ақын жолы ауыр жол, шыдайтындар жүріп көрсін...

Баян РАСУЛОВА,
2-курс студенті

Уақыт қымбат қазына

«Уақыт қымбат асылдан,білім үйрен жасыңнан» Бұл сөз нағыз өз мәнінде айтылған.Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Жеткен шыңы. Дұрыс қойылған тыныс белгі сияқты.Түрткіл әлемде бұрын-соңды өткен ақылман алыптардың, ұлағатты ұлылардың, асыл сөзді ардагерлердің, шешен тілді шертпелердің, орақ тілді білгірлердің уақыт туралы айтылған ақыл-нақыл аталы сөздерінің сұрыпталған жинағы нағыз нас сөздер. Адамзат өмірінің қоғамдық тәжірибелерінің, ғылыми зерттеумен ізденістерінің жемістері.

Сан жылды уақыт ұрлайды дегендейін аққан су, батқан күндей аялсыз жылжыған уақыт көзді ашып-жұмғанша, тағы бір жылды, яғни үш жүз алпыс бес күнді ұрлайды. Ал осы бір жыл, бір айды, бір күнді босқа жібермеген адам өкініштен аулақ болады. Абай «егер уақытты босқа өткізсең дұшпанның қолында кетіп барамын деп түсін»дейді. Ойлаңызшы! Уақытты босқа қоя берген адамнан бақытсыз сорлы адам болмақ емес-ау,сірә...

Уақыт-өмір, уақыт-асыл бұл тек өз қолымызда ғана. Тек біз дұрыс пайдалана алғанда ғана жетпекші болған арманға жетуімізге болады. Сондықтан да уақытқа , құнға деген көзқарасымыз айқын болуы шарт. Әсіресе бос қиялмен өмір сүру сол дұшпанның қолында кеткенмен бірдей.

Дүниедегі әрбір адамның басындағы уақыттары ұқсас. Бірақ осы уақытты өткізу формасы ұқсамайды. Әрине компьютер, не телефон басты ғаламторласқан осы ғасырда жастардың уақыты жылап кетіп жатыр. Бекер босқа қор болуда. Жастық ғұмырын жалмап барады.

Қалай өмір кешсең уақытың солай өтпек демекші «түстік ғұмырың болса кештік малыңды жи»-дегенді еске алып бекер уақыт жылатқанша, бекер өмір өткізгенше ізденіс жасап, тынбай талпынып өмірдің қыры мен сырын меңгеріп азда болса бойымыздағы ең үлкен қасиетті халқымыз үшін жұмсауға, сол үшін қызмет етуге сара жол етсек. Одан артық не қуаныш, қандай бақыт!



Жанар ЕРКІН,
1-курс студенті

AY gazete

BİLİM
KÜLTÜR
SANAT

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ
DIPLOMATİK İLİŞKİLERİN 30. YILINDA
TÜRKİYE-KAZAKİSTAN EĞİTİM İŞBİRLİĞİ
VE AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ ÇALIŞTAYI
TAMAMLANDI

07 Aralık 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından Diplomatik İlişkilerin 30. Yılında Türkiye-Kazakistan Eğitim İşbirliği ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Çalıştayı düzenlendi. Programa Dışişleri Eski Bakanı Sayın Hikmet Çetin, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü Prof. Dr. İbrahim Kalın, Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Dr. Serdar Çam, Cumhurbaşkanlığı Eski Genel Sekreteri Prof. Dr. Mustafa İsen, Yurtdışı ve Akraba Topluluklar Başkanı Sayın Abdullah Eren, Kazakistan Ankara Büyükelçisi Sayın Yerkebulan Sapiyev, Kuzey Kıbrıs Türk Cumhuriyeti Ankara Büyükelçisi Sayın İsmet Korukoğlu, Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Musa Yıldız, Ankara Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Necdet Ünüvar başta olmak üzere alanında uzman birçok akademisyen katıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, açış konuşmasında üniversitenin önemine değinerek şunları kaydetti:

«Bu kardeşliğin bir nişanesi olarak dünyada eşine az rastlanır iki kardeş ülkenin ortak üniversitesi olarak kuruldu ve 30 yıldan bu yana 100 bine yakın öğrencisi dünyanın birçok memleketinde hizmet vermektedir. Üniversitemiz 40 Türk devlet ve akraba topluluğundan 16 bini aşkın öğrencisiyle 12 fakültede hizmet vermektedir. Üniversiteyi anlatacak değilim. Bizden Cumhurbaşkanımız iki şey istemişti. 2022 yılında haziran ayında hocalarımız bilirler karneler dağıtıldı. Dünya sıralamasında üniversitemiz ilk 700'e girmiştir. Bu önemli fakat yeterli değildir.»

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Sözcüsü Prof. Dr. İbrahim Kalın, üniversitenin gelişiminde katkısı olanlara teşekkür ederek, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin 30 yıldır Türk dünyası içindeki birliğin kalkınmasına katkıları olduğunu ifade etti. Özellikle

son dönemde Türk dünyasının yeniden toparlanmaya başladığını ve stratejik, tarihi, kritik bir süreçten geçildiğini kaydeden Kalın, «Türk dünyası yeniden birleşiyor, yeni bir ufka açılıyor. Türk Devletleri Teşkilatı (TDT) olarak yeniden tanımlanan teşkilatımızın ortaya koyduğu siyasi vizyon, bunun en somut neticelerindedir» diye konuştu.

«Son yıllarda Türk dünyasının birlik ve beraberliği imkan olmaktan çıkıp, stratejik sorumluluk ve yeni bir siyasi ufuk haline geldi» diyen Kalın, Karabağ Zaferi'nin elde edilmesiyle Türk dünyasında birlik olunması halinde neler başarılabilirliğinin gösterildiğini vurguladı.

Dışişleri Eski Bakanı Sayın Hikmet Çetin, Ahmet Yesevi Üniversitesinin kuruluşunda imzası olduğunu hatırlatarak Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Dünyası için öneminden bahsetti.

Açış konuşmalarının ardından «Türkistan'ın İnşa ve İhyasında Ahmet Yesevi Üniversitesinin Rolü» oturumuna geçildi. Oturum başkanlığını Prof. Dr. Mustafa İsen'in yaptığı oturumda Prof. Dr. Musa YILDIZ, Vefatının 850. Yılında Hoca Ahmet Yesevi ve Ahmet Yesevi Üniversitesi; Prof. Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde 30. Yıl Projeleri; Abdullah EREN, YTB ve Türkistan'da Avrasya Yaz Okulu Programı; Dr. Ömer KOCAMAN, TÜRKÜNİB ve Ahmet Yesevi Üniversitesi; Doç. Dr. Bilal ÇAKICI, TÜRKSOY ve Ahmet Yesevi Üniversitesi İşbirliği; Prof. Dr. Mahir NAKİP, Ahmet Yesevi Üniversitesinin Kuruluş Yılları; Dr. Murat YILMAZ, Mütevelli Heyet Başkanlığı Faaliyetleri ve Akademik Yayınlar; Prof. Dr. Fırat PURTAŞ, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının Düzenlediği Türk Cumhuriyetleri'nin Bağımsızlık Yılı Dönümü Sempozyumları; Doç. Dr. Yakup ÖMEROĞLU, Türkistan Şehri ve Ahmet Yesevi Üniversitesi; Dr. Suat BEYLUR, Avrasya Araştırmaları Enstitüsü ve EFE Kongresi başlıklı sunumlarını gerçekleştirdiler.

Program, Ahmet Yesevi Üniversitesi 30. Yıl Madalyası takdimi ile devam etti. Sayın Hikmet Çetin'e, Prof. Dr. İbrahim Kalın'a, Dr. Serdar Çam'a, Sayın Yerkebulan Sapiyev'e, Sayın İsmet Korukoğlu'na, Sayın Abdullah Eren'e Prof. Dr. Musa Yıldız'a, Prof. Dr. Mustafa İsen'e, Prof. Dr. Mahir Nakip'e Doç. Dr. Yakup Ömeroğlu, Doç. Dr. Bilal Çakıcı, Dr. Murat Yılmaz'a, Prof. Dr. Fırat Purtaş'a Ahmet Yesevi Üniversitesine sunmuş oldukları katkılardan dolayı 30. Yıl Madalyası takdim edildi.



AHMET YESEVI
ÜNİVERSİTESİ 73. MÜTEVELLİ
HEYET TOPLANTISI
GERÇEKLEŞTİRİLDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi 73. Mütevelli Heyet Toplantısı, 03 Aralık 2022 Cumartesi günü Kazakistan'ın Astana şehrinde yapıldı. Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'in başkanlığında gerçekleşen toplantıya, Türkiye ve Kazakistan tarafı Mütevelli Heyet Üyeleri, Rektör Janar Temirbekova ve idari personel katıldı.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e, Türkiye tarafı Mütevelli Heyet Üyesi Dr. Serdar Çam'a, Kazakistan tarafı Mütevelli Heyet Üyeleri Kuanysh Asylkhanuly Ergaliev'e ve Prof. Dr. Aida Sagintayeva'ya Ahmet Yesevi Üniversitesi verdikleri katkılardan dolayı Üniversitemizin 30. Yıl Onur Madalyası takdim edildi.

73. Mütevelli Heyet Toplantısı, gündem maddelerinin görüşülmesinin ardından dilek ve temenniler bölümüyle sona erdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ
REKTÖR VEKİLLİĞİNE ATANAN
PROF. DR. PEYAMI BATTAL,
AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ
MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANINI
ZİYARET ETTİ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekilliğine Atanan Prof. Dr. Peyami Battal, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanını ziyaret etti. Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Prof. Dr. Peyami Battal'a yeni görevinde başarılar diledi.

ЕЛ ЕГЕМЕНДІГІ

Тәуелсіз елдің ұланымын!

Тәуелсіздік – сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсап, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

Еліміз тәуелсіз ел атанғалы 31 жыл. Жиырма бес жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі,

мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптасты. 1991 жылы ел тәуелсіздігін алған кезде халық болып қана қуанған жоқпыз. Қазақ елінің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған Түркия. Бұл тәуелсіздікті бір ел ғана емес, бүкіл ел болып қолдайды деген сөз. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды жиырма бес жыл ішінде үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Тіпті бүгінде Астана арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматының өзін мәдениет пен әдебиеттің қаласына айналдырды. Өзінің ішкі туризмі, теңгесі, ұзын сонар қара жолдары тарамдалып жатты.

Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн



Бағдат КАМАЛ,
4-курс студенті

ТӘУЕЛСІЗДІК -
ТАУСЫЛМАС ТАРИХ

«Тәуелсіздік»... Осынау тарихқа тұнған ұлы сөзді естігенде «Мен қазақпын» деген әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы тәуелсіздік еді.

Біз бұл кезеңді көрмесек те, қазақтың таңғажайып тарихын, деректерін оқу арқылы білеміз. Бұл қол жетпес бақытқа жету жолында Алаш ардақтыларының басын бәйгеге тіккені, әсіресе 1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасына қатысқан қайсар аға-апаларымыздың ұмытылмас ерліктері көз алдымызға елестейді. Жер бетіндегі қарапайым тірі жандарға зер салсақ та, олардың өз бетімен ешкімге бағынышсыз тіршілік етіп жатқанын байқаймыз, тіпті көк байрағымыздың символы болған қыран құс та аспанда еркін самғағысы келеді емес пе!

Қазақ халқы егеменді ел боламыз деп талай тар жол тайғақ кешті, сондықтан мен тәуелсіздікті таусылмас тарих деп білемін. Сондықтан, егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру, қастерлете білу баршамыздың міндетіміз болуы тиіс.

Қазіргі жастар, мына біздер бақытты ұрпақпыз! Себебі біз тәуелсіз елдің ұл-қыздарымыз. Ендігі алаңдайтын мәселе, әлемнің басқа елдеріне көз салсақ, мемлекет ішінде болып жатырған қақтығыстар, төңкерістер жүректі ауыртады. Жастарымыз түрлі діни ағымдарға еріп кетпей, қасиетті аталардың жанын қиған оқиғалар қалған еліміз тыныш болсын деп тілейміз.

Әсел МЕДЕУ,
1-курс студенті

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН!

Менің тәуелсіз Отаным 31 жыл! Ұлан асыр той, үлкен мереке. Жазбамның алғы сөзі ретінде жазуға лайықты басқа бір қуанышты сөз таба алмадым. Іштегі асау сезімді, шалқыған көңілді, ұлы тебіреністі қара сөзге сыйдыра алмадым.

Себебі, қанша жерден тәуелсіздік Тәңірдің сыйы десекте мұның арқасында қаншама төгілген қан, аққан көз жасы бары анық. Сонау Керей мен Жәнібек өз бетінше жеке хандық болып еншісін алып шыққан тұстан бері қазақтың аңсағаны бостандық пен тыныш заман болатын-ды. Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы қылыштың жүзі қызыл қанға боялғаны, ақтабан шұбырынды заманындағы қарындастан айырылып, екі көзге жас келіп, талай қазақ шаңырағының қара жамылғаны, бертін келе КСРО-ның озбыр саясатының арқасында әуелі аштықтан қырып, сонан соң «Оян, қазақ» деген азаматтарын атып тастап, екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес даласын фашисттерден қорғатқанына әуелі Алла, сонан соң тарих беттері куә. Айта берсең, сөтінеген жіптей сөгіле береді. Ақырғы тұсы 1986 жылы қазақ жастарының бас көтеруіне себеп болды. Өйткені, Керей мен Жәнібектің де, Қабанбай мен Абылайдың да, Әлихан мен алаш арыстарының да, Қайрат пен Сәбираның да тілегі тәуелсіздік, дұғасы бостандық болатын.

Аллаға шүкір біз дүние есігін ашқалы тәуелсіз елдің ұландарымыз. «Не киіп, не ішеміз?», «Қашан зеңберік пен мылтық дауысы тоқтар екен?», «Бүгін кімнің үйіне қаралы қағаз келер екен?», «Таңертең тұрғанымызда жау әскері самайымызға

қару тақып тұрмай ма?» деген сұрақтарды ойлағанымыз жоқ. Біздер үшін соңы жақсылықпен аяқталған ертегі секілді. Себебі тек теледидардан көріп, үлкендерден естідік. Жаратқан осы бақытымызды

ұзағынан қылғай.

Ендігі жерде басқа алпауыт елдермен терезе теңестіретін тұсқа келдік. Ана тіліміздің мәртебесі жоғарылап, әдет-ғұрыптың жаңғыртуымыз қажет. Олай дейтінім аталарымыздың салған жолы бөлек, әжелеріміздің жүріп өткен жолы айқын. Текті халықтың тәуелсіз ұрпағы баба ізін жалғап, бір атаның баласындай бірігуіміз тиіс. Қазақстанда іздесеңіз әдемі табиғат та, көне тарих та, мейірімді жандар да, текті халық та, достығы жарасқан ұлттар да бар. Бұл-бақыт!

Халқымды, қазақстандықтарды, дүниенің түпкір түпкіріндегі қандастарымызды, баршаңызды ел тәуелсіздігінің 31 жылдығымен құттықтаймын! Жаратқан қуанышымызды ұзағынан сүйіндірсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Ағайша АЛПЫСБАЕВА,
3-курс студенті



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Фото маманы:

Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.